

Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы еуропалық келісімді қолдану бойынша Қазақстан Республикасының құзыретті органын тағайындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 14 маусым N 651

Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы 1957 жылғы 30 қыркүйектегі еуропалық Z010193_ келісімге (ҚЖХЖТ) қатысушы елдердің құзыретті органдарымен практикалық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасында оның талаптарын қолдануды ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қауіпті жүктердің халықаралық жол тасымалы туралы 1957 жылғы 30 қыркүйектегі еуропалық келісімді (ҚЖХЖТ) қолдануға және автомобиль көлігімен қауіпті жүктердің тасымалдарын ұйымдастыру мәселелері бойынша орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың (келісім бойынша) қызметін үйлестіруге жауапты Қазақстан Республикасының құзыретті органы болып Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі қабылданған

шешім туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясының Хатшылығын хабардар етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК